



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«АДАМИ КАПИТАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«HUMAN CAPITAL AS THE MAIN FACTOR OF ECONOMIC
DEVELOPMENT»**

Астана

20 қазан 2022

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

А 24

Рецензенты: профессор «Esil University», д.э.н. Галиева А.Х.
профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, д.э.н.
Шалболова У.Ж.

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Байжолова Р.А. – д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Исаева Б.К. – PhD., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

ISBN 978-601-337-744-5

«Адами капитал экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -330б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Человеческий капитал как основной фактор экономического развития». – Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -330с.

Works of the International scientific and practical conference «Human capital as the main factor of economic development». - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -330p.

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

ISBN 978 – 601 – 337 – 744 – 5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

ҚАЗАҚСТАН МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Акбергенова Акмарал Кайсаровна

Akbergenova_akmaral@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 3курс докторанты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - э.ғ.д., профессор Егембердиева С.М.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында моноқалаларды дамытуға ерекше назар аударды. Оның айтуынша моноқалалар екінші тыныс алуы тиіс және моноқала үшін жауапкершілік қала құраушы кәсіпорындарға жүктеледі делінген еді [1].

Моноқалаларды дамыту мен нығайту мақсатында бірнеше мемлекеттік бағдарламалар, атап айтқанда, «2012-2020 жылдардағы моноқалаларды дамыту бағдарламасы», «2020 жылдарға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасы» кейін жалғасы ретінде «2020-2025 жылдарға арналған өңірлерді дамыту бағдарламасымен» жүзеге асуда, оған қоса, «Еңбек 2017-2021жылдарға арналған бағдарламасы», «2020-2024ж ҚР білім және ғылым дамыту бағдарламасы», «2020-2025ж ҚР денсаулық сақтау бағдарламасы» және т.б мемлекеттік бағдарламаларында моноқалаларды дамыту іс шаралары жүргізіліп жатыр. Бірақта Қазақстан моноқалаларын дамытуда әлі де өзекті шешілмей жатқан мәселелер бар [2].

Қазақстанда 27 моноқалалар бар. Басқа елдердегідей моноқалалардың орналасуы Қазақстанда да моноқалалар өңірдің біршама бөлігін қамтиды. Қазақстанның 12 өңірінде моноқалалар қамтылған. Ең көп орналасқан моноқалалар Қарағанды облысында - 8 моноқала, одан кейін Қостанай облысында - 4 моноқала және Шығыс Қазақстан облысында - 4 моноқала орын алып отыр. Жамбыл және Павлодар облыстарында - 2 моноқаладан келеді. Қалған өңірлерде - 1 моноқалаладан орын алып отыр.

Моноқалалардың даму жағдайының бір факторы ретінде халқы санының өсу динамикасынан көруге болады. Келесі диаграммада моноқалалар халқының жалпы санына 2015жыл мен 2021жылдың өсу динамикасын талдау жасайтын болсақ, 2015жылы жалпы моноқалалардағы жалпы халық саны 1447,7 млн адам құраса, 2021жылы бұл көрсеткіштің 1412,4 млн адамға азайғанын көреміз. Соңғы жиырма жылда моноқалалардың саны 3 млн халықтан 1,5 миллионға дейін екі есеге азайған. Көбіне экономикалық белсенді халық әсіресе, жастар қоныс аударады.

Біздің ойымызша, моноқалалар халқының азайғандығының бірден бір себебі көбінесе ірі және үлкен қалалармен салыстырғанда қаланың әлеуметтік - экономикалық жағдайы мен өмір сүру сапасының төмендігімен, білікті кадрлардың жетіспеушілігінен және бір қала құраушы кәсіпорындардағы өндірістік қуаттардың қысқаруымен байланысты болады.



Сурет 1. Қазақстандық моноқалалардағы халқының жалпы санының өзгерісі, 2015-2021 жж.

Ескерту: [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қазақстандық моноқалаларының дамуына әсер етуші тағы бір фактор ол жалақы мөлшері. Моноқала халқының әл ауқаты, өмір сүру сапасы мен өмір сүру деңгейінің жоғары болуы тікелей атқарған жұмысының жалақысына байланысты. Жалпы жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы, моноқалалардан халықтың жаппай кетуі, жалақының төмен деңгейі еңбек нарығында ұсыныстан еңбек сұранысының төмен болуына әкелуі мүмкін. Бұның бәрі моноқаланың әлеуметтік – экономикалық даму жағдайының нашарлауына әкеледі.



Сурет 2. Қазақстандық моноқалалардағы халқының орташа жалақы мөлшерінің өзгерісі, 2015-2021 жж.


Ескерту: [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Моноқалалардың орташа жалақы мөлшері 2015жылы орта көлеммен 113 000 теңгені құраған. Орташа жалақы көлемінің жыл сайын өскен қарқынын диаграммадан көруге болады. 2021жылы моноқалалардағы орташа жалақы мөлшері 229 000 теңгеге жетті. Кейбір жекелеген моноқалаларда бір қызметкердің орташа айлық мөлшер көлемі Ақсайда – (448,8 мың теңге), Жаңаөзен – (435,4 мың теңге), Сәтбаев – (231,1 мың теңге), Жезқазған (276,4 мың теңге) құрайды. Бұл қалаларда жоғары еңбекақы көлемі төленетіндігін ерекше атап өтумен түсіндіріледі.

Моноқалалардағы жағдай көбіне қала құраушы кәсіпорынға тікелей тәуелді, ал шағын және орта бизнестің дамуы баяу даму салдарынан жұмыссыздықтың өсуі сөзсіз. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі және өзін өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары үлесі – бұл Қазақстандық моноқалалардың

басты мәселелі болып табылады. Республика бойынша орташа жұмыссыздық деңгейі Арқалық, Кентау, Рудный қалаларында асып түскен. Одан басқа моноқалалардың көпшілігінде экономикалық белсенді халықтың үштен бірінен астамы өзін – өзі жұмыспен қамтығандар санатына кіреді. Бұл қалаларға Қаратау, Жаңатас, Құлсары, Арқалық, Жітіқара қалаларынан байқалады [4].

Қазақстандық моноқалалардағы жұмыссыздық деңгейі статистикалық мәліметтердің көрсеткіші бойынша төмендегі диаграммадан көреміз. 2012 жылы қабылданған моноқалаларды дамыту бағдарламасында мақсатты индикаторларының бірі жұмыссыздық деңгейін 5 пайызға төмендету болған. Төмендегі диаграммадан моноқалалардың кейбіреуінде қазіргі таңда жұмыссыздық деңгейі Текелі, Хромтау, Лисаковск, Рудный, Кентау қалаларында 5 пайыздан жоғары көрсеткіш сақталып отыр.



Сурет 3. Қазақстандық моноқалаларының жұмыссыздық деңгейінің өзгерісі, 2015-2020 жж.

Ескерту: [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Осы моноқалалардағы жұмыссыздық пен өзін - өзі жұмыспен қамтуды төмендету мақсатында 2013 жылы моноқалаларды дамыту үшін 20 млрд. тенгеге жуық қаражат бөлінді. 2012 жылы пилоттық режимде моноқалаларды дамыту бағдарламасы іске қосылған болатын. Ол кезде 6 млрд тенге жұмсалып, 170 -ке жуық жоба жоспарланып жүзеге асыру көзделді. 2012 жылғы қабылданған бағдарламаның мақсаты – моноқалалар экономикасын әртараптандыру, монобағыттылығынан арылту, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы халықты тиімді жұмыспен қамту, сондай ақ, жаңа өндіріс орындарын ашу болды. Бірақта жағдай ешқандай түбегейлі өзгерген жоқ моноқалалар бұрынғыдай негізгі жұмыс берушіге тәуелді, ал шағын және орта бизнес экономиканың доминантына айналған жоқ.

Елдің шағын және моноқалаларының көбінде негізінен бұрынғы қала құраушы кәсіпорындардың немесе басым саланың жай - күйіне байланысты біршама мәселелер кешені барын атап өткен жөн. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан осы қала құраушы кәсіпорындарды дамыту оларға мемлекет тарапынан қолдау жасау, атап айтқанда, өндірісті тікелей немесе жанама субсидиялау сияқты қолдаулардың экономикалық нәтиже бермегенін байқаймыз.

Қазіргі уақытта қазақстандық моноқалалардың қала құраушы кәсіпорындары тұрақты жұмыс істеп тұрған қалалар қатарына Абай, Шахтинск, Сарань, Риддер, Кентау, Степногорск, Хромтау, Ақсай, Курчатов атауға болады. Осының салдарынан бұл қалаларда әлеуметтік - экономикалық дамудың жоғары динамикасы қамтамасыз етіліп, инфрақұрылым мен бизнесті дамыту бойынша іс шаралар жүргізілуде. Ал Сәтбаев, Алтай, Қаражал, Жаңатас, Қаратау, Текелі, Жаңаөзен және Арқалық моноқалаларында шикізат базасының салқылуына, өндірілетін кендегі қазба байлықтар құрамының нашарлауына, өндірілген өнімді өткізу нарықтарының алшақтығына байланысты проблемалар бар. Моноқалалардың жалпы санының ішінде Арқалық пен Серебрянск моноқалаларының ең қиын жағдайды орын алатыны байқалады [5].

Моноқалаларды қалай дамыта аламыз деген сұраққа ең алдымен экономиканы әртараптандырудың жолдарын іздестіру бірінші орынға қойылған болатын. Бірақта әртараптандыру арқылы моноқаланы дамыту іс шаралары жүргізілгенмен оларды дамыту шаралары баяу жүзеге асты. Осы тұста моноқалаларды дамыту үшін зәкірлік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қолға алынған. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру мақсатында 2013 жылдан бастап 2019 жылға дейін облыс әкімдерінің деректері бойынша 48 жоба іске асырылды және 13 жоба іске асырылу сатысында. Келесі суретте моноқалалардағы зәкірлік жобалардың жағдайы көрсетілген.



Сурет 4. Қазақстан моноқалаларында жүзеге асырылған жобалардың жағдайы
Ескерту: [5] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Іске асырылған жобалардың ішінде 32 (67%) кәсіпорын тұрақты жұмыс істейді. Тұрып тұрған жобалар -7 (15%), іске аспаған жобалар саны - 6 (12%) және мерзімді жұмыс істеп тұрған 3 кәсіпорын (6%) жұмыс істейді. Жұмыс істейтін кәсіпорындарда 9,0 мың тұрақты жұмыс орын құрылды. Ақсай қаласында бұл жоба іске асырылуы тоқтатылып толық жүктелмеген. Осы тұрғыда қолайсыз жағдай Текелі, Хромтау, Рудный қалаларында қалыптасты. Тұрақты жұмыс істейтін зәкірлі жобалар 2017 жылға дейін 75 пайызы жуығы іске қосылды. Бүгінгі таңда он жыл бойы созылып келе жатқан моноқалалардағы инвестициялық жобалардың 30- ға жуығы ғана мәлімделді. Ақмола, Ақтөбе және Алматы облыстарында жобалар жоқтың қасы. Батыс Қазақстан облысы бойынша

1 жоба ғана жоспарланған. Жаңадан жоспарланған 19 жобаның 14-і немесе 75 пайызы Павлодар және Қарағанды облыстарында тиісті жобалар болып табылады. Сондай ақ іс жүзінде жүзеге асқан жобалар инновациялық сипатқа ие емес және моноқалалардың экономикасын ұзақ мерзімді перспективаға әртараптандыруға бағытталмайтынын атап өту қажет. Жобалар негізінен шикізатты өндірумен немесе бастапқы өңдеумен байланысты. Сонымен қатар, елімізде мемлекеттік қолдау жасалған жобалардың әрі қарай жүзеге асуына бақылау жасалмайды. Бөлінген қаражаттың игерілуіне мемлекет тарапынан қандайда бір тетіктер мен әдістер арқылы бақылау жасалса әр жобаның іске асуында оң нәтиже берер еді.

Қазақстандық моноқалалардағы мәселелерді үш негізгі топқа бөлуге болады: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық.



Сурет 5. Қазақстандық моноқалаларының өзекті мәселелері
Ескерту: автормен құрастырылған

Сонымен бірге, моноқалалардағы негізгі мәселелерді шешу үшін Жезқазған, Сәтбаев, Жаңаөзен, Екібастұз сияқты моноқалаларда олардың әлеуметтік – экономикалық дамуының кешенді жоспарлары да іске асырылуда [6]. Бұл кешендік жоспарды жүзеге асыру барысында қалада жаңа жұмыс орындары ашылып, өнеркәсіптік өнім көлемі артып, шағын және орта бизнес дамып халықтың өмір сүру деңгейі біршама жоғарлайды.

«Осу нүктелерінен» алыс орналасқан ірі жән шағын моноқалалардың әлеуметтік – экономикалық жағдайы өте қиын жағдайда қалыптасты. Елімізде осындай 18 елді мекендер бар, моноқалалар болса Ақсай, Алтай, Арқалық, Жаңатас, Қаратау, Қаражал, Курчатов, Лисаковск, Серебрянск, Жітіқара т.б. Ірі алыста орналасқан моноқалала үшін басқа өңірлермен стратегиялық көліктік байланысын қамтамасыз етуді қолға алу керек. Нұр-Сұлтан – Алматы жолын

қайта жаңғыртуды 2023 жылы аяқтаса, бұл Балхаш қаласының әлеуетін арттыруға жол береді. Сол сияқты Қызылорда – Жезқазған тас жолын күрделі жөндеуді 2024 жылы аяқтау көзделген. Бұл да Бұл Жезқазған және Сәтбаев қалаларының сауда-көлік байланысын күшейтуге, сондай-ақ жүк транзитін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Осы көрсетілген мәселелерді шешу тетіктерін іздеу әр моноқаланың нақты жағдайы ескеріле отырып, жеке көзқарасты қажет етеді, өйткені әр қаланың даму деңгейі мен мәселелері бірдей емес. Сондықтан моноқала экономикасын қайта құрылымдау үшін келесі жолдармен іске асыру мүмкіндігімен қарастыруға болады: қала құраушы кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілігін қоса арттыра отырып, моноқалаларды мемлекеттік қолдауды түбегейлі реформалауды жүргізу керек; бәсекеге қабілеттілігін артыру үшін дәстүрлі өндірісті жаңғырту; халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін және тағы да халық үшін экономикалық қызметтің әртүрлі бағыттары мен түрлерін қамтамасыз ету үшін шағын және орта бизнесті дамыту; инвестицияны тарту үшін қаланың имиджін жақсарту және өмір сүру сапасын арттыру; моноқалалар аумағында тұратын тұрғылықты халықты ескі және авариялық тұрғын үйлерден көшіру мәселесін шешу. Бұл үшін осы аталғандарды шешуде өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып әр моноқаланы саралап алған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс –қимыл кезеңі» атты ҚР Президентінің 2020жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> (дата обращения 29.05.22)
2. Акбергенова.А.К. Егембердиева С.М. Оценка и механизмы управления развитием моногородов // Экономическая серия вестника ЕНУ. - 2021г, -№2. -С.8-16.
3. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000683/links> (дата обращения 25.05.22)
4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы [Электронный ресурс]. –Режим доступа: -<https://stat.gov.kz/> (дата обращения 16.05.22)
5. Выступление Главы государства К.К.Токаева на совещании по вопросам развития моногородов в Экибастузе [Электронный ресурс]. – режим доступа: -<https://akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-soveshchani-povoprosam-razvitiya-monogorodov-v-ekibastuze-410518> (дата обращения 25.05.22)
6. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 бағдарламасы [Электронный ресурс]. –режим доступа: -<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> (дата обращения 15.05.22)